



010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы 55/14, блок С-2.4 тел.:
7 (7172) 61-33-23, 61-33-25
e-mail: moap@mdai.gov.kz

010000, г. Астана, проспект Мәңгілік Ел 55/14, блок С-2.4,
тел.: 7 (7172) 61-33-23, 61-33-25
e-mail: moap@mdai.gov.kz

№

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына

2023 жылғы 25 мамырдағы
№ ДС-189 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі – Министрлік), Сіздердің байланыс саласына қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарастырып, келесіні хабарлайды.

Бүгінгі күні телекоммуникация саласының негізгі міндеті елді мекен тұрғындарын интернетке кең жолақты қолжетімділік қызметтерімен қамтамасыз ету және оның сапасын жақсарту болып табылады.

Қазақстан цифрландыру саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді және қазіргі уақытта Біріккен ұлттар ұйымының электрондық үкімет рейтингінде 28-орында тұр.

Алайда, «Телекоммуникациялық инфрақұрылым» субиндексінде Қазақстан 65-орында (100 тұрғынға шаққанда тіркелген кең жолақты абоненттер санының төмен пайызын көрсетеді).

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде интернетті тұтынудың қарқынды өсуі байқалады. Соңғы 2 жылда әлемде трафиктің өсуі 150%-ға, ал интернет пайдаланушылары 119%-ға өсті, бұл цифрлық қызметтер мен контентке сұраныстың артқандығының көрсеткіші. Осы кезеңде Қазақстанда трафиктің өсуі 161%-ға, ал пайдаланушылар саны 108%-ға өсті.

Анықтама: Speedtest Ookla-ның 2023 жылғы сәуірдегі деректеріне сәйкес, Қазақстандағы мобильді Интернеттің орташа жылдамдығы 30,3 Мбит/с және бұл көрсеткішпен әлемде 72-орындамыз.

Негізінен телекоммуникация инфрақұрылымы бойынша әр түрлі индекстер мен рейтингтер бар. Бұл көрсеткіштер елдегі телекоммуникация саласының жағдайын бағалау үшін әрдайым қолданыла бермейді және де көрсеткіштер ел экономикасының көптеген параметрлеріне, халық санына және оның өсу динамикасына, елдің урбанизация деңгейіне және инфрақұрылымның қолжетімділігіне және т.б. байланысты.

Ағымдағы байланыс саласының жағдайы халықты жоғары жылдамдықты байланыс қызметтерімен қамтамасыз етуді талап етеді және экономика салаларын нәтижелі цифрлық трансформациялауды жүргізу мақсатында телекоммуникация саласын одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді.

Сонымен қатар, Қазақстанда 6 406 елді мекен бар, оның 6 290-ы ауыл мәртебесіне ие, оның ішінде 4 974 елді мекен кең жолақты мобильді интернетке қосылған. Сондай-ақ, 2 928 елді мекен (2 813 ауыл) 4G – ге қосылған, 2 046 елді мекен (2 045 ауыл) 3G технологиясымен қамтамасыз етілген. ADSL технологиясы бойынша тіркелген Интернетпен 1 950 ауыл және оптикалық технология бойынша 2 606 ауыл қамтамасыз етілген.

Жалпы 2023 жылдың басынан бастап елді мекендерді байланыспен қамту, оның сапасына қатысты әр түрлі негізде 5 000-нан астам өтініштер мен шағымдар түсті. Бұл ретте, бір елді мекеннен бірнеше тұрғынның шағымдану мүмкіндігін, түскен өтініштерге түсіндірмелер берілетінін, өтінішке сәйкес елді мекен бойынша байланыспен қамту жоспарлары ұсынылатынын және шағым негізінде тиісті тексеріс жұмыстары жүргізілетінін атап өткен жөн.

Халық саны 200 мыңнан асатын 1 432 ауыл (халқы 250 адамнан аз) кең жолақты мобильді интернетпен қамтылмаған және қазіргі уақытта бұл ауылдардағы тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді елді мекенге жақын орналасқан Халыққа қызмет көрсету орталықтарында алуға тура келіп отыр.

Осыған байланысты, Министрлік Алматы, Ақмола, Павлодар облыстарындағы «Қазпошта» АҚ-ның пошта байланысының 50 ауылдық бөлімшелеріндегі қызметкерлерді халық тарапынан жиі алынатын мемлекеттік қызметтердің 28 түрін көрсету бойынша пилоттық жобаны іске асыруда және оның нәтижесі бойынша бұл жұмыстарды өзге де облыстарда жалғастыруды жоспарлауда.

Әрине, жоғарыдағы 1 432 ауылды мемлекеттік көрсетілетін қызметтерден бөлек байланыспен қамтамсыз ету аса маңызға ие. Сондықтан, тиісті жұмыстар «Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасының (бұдан әрі – Ұлттық жоба) іс-шаралары шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Сондай-ақ, байланыс қызметтері сапасының бекітілген көрсеткіштеріне сәйкес келесі технологиялар үшін ең төменгі сапа параметрлері белгіленген, 3G - 1 Мбит/с, 4G - 5 Мбит/с.

Жоғарыда көрсетілген параметрлер пайдаланушылардан келіп түскен өтініштер шеңберінде байланыс сапасына тексеру жүргізу кезінде пайдаланылады.

Бұл ретте, байланыс қызметтерінің сапасына қойылатын талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда, байланыс операторларына Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексында көзделген әкімшілік айыппұлдар салынады, олар 2022 жылы 10 есеге ұлғайтылды.

Министрлік 2023 жылдың басынан бастап 16 маусым күніне дейін жоспардан тыс 300 тексеріс жүргізді және 1 млрд. 234 млн. теңгеге айыппұл жазды (бюджетке 617 млн. теңге жеңілдік есебінен төленді).

Анықтама: 2021 жылы 562 тексеру жүргізілді, 132 млн.теңге сомасына айыппұл салынды, 2022 жылы 1 млрд. 670 млн. теңге сомасына 1175 тексеру жүргізілді (835 млн. теңге жеңілдікті ескере отырып бюджетке төленді).

Министрлік көрсетілетін байланыс қызметтерінің сапасын бақылауды күшейту, байланыс сапасын өлшеу үшін тиісті жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында жабдықтарды сатып алуды жүргізуде.

Мәселен, 2022 жылы 4 киілетін өлшеу кешені (рюкзактар), 3 жылжымалы радиомониторинг кешені (автомобильдер) сатып алынды.

Ағымдағы жылы тіркелген Интернеттің сапасын өлшеу бойынша жұмыстарды жүргізу үшін тиісті бағдарламалық қамтамасыз етумен 50 өлшеу зондын сатып алуды жүзеге асыру жоспарлануда.

Сонымен қатар, Министрлік Ұлттық жоба шеңберінде Қазақстан Республикасы аумағының радио-мониторингі жүйесін жаңғырту жөніндегі іс-шараны көздеп отыр. Осы шараны іске асыру радиожилік спектрін бақылау мен мониторингтеуді, оны пайдаланудың бұзылуын және әртүрлі радиожүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін анықтауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бәсекелестікті дамыту мақсатында 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап байланыс қызметтеріне тарифтерді мемлекеттік реттеу жойылғанын атап өту қажет.

Сондай-ақ, ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 116-бабының 1-тармағына және «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалар мен тарифтерді кәсіпкерлік субъектілері дербес айқындайды.

Министрлік телекоммуникациялық инфрақұрылым цифрлық экономиканы дамыту үшін негіз болып табылатынын және байланыс саласындағы ағымдағы міндеттерді ескере отырып, оны жақсарту үшін байланыс саласындағы Ұлттық жобаны әзірледі, іске асыру кезеңі 2023-2027 жж.

Ұлттық жобаның мақсаттары мен көрсеткіштері қалаларды, ауылдарды, автожолдарды жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуге және олардың сапасын жақсартуға, сондай-ақ, 5G жаңа технологиясын енгізуге бағытталған.

Жобаның негізгі мақсаты – халықты кемінде 100 Мбит/с жылдамдықпен жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету.

Мектептерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету мәселесі бойынша

Еліміздегі 7 722 мектептің ішіндегі (ауылдық – 2 580, қалалық – 2 419, шағын жинақты – 2 723) 7 650 мектеп (ауылдық – 2 559, қалалық – 2 375, шағын жинақты – 2 716) Интернет желісіне түрлі технологиялармен қосылған.

Оның ішінде 3 741 мектепте (ауылдық – 1 151, қалалық – 1 676, шағын жинақты – 914) интернет жылдамдығы Халықаралық электробайланыс одағының ұсыныстарына сәйкес келеді. Осы ұсыныстарға сәйкес, бір мектепке ең төменгі жылдамдық – 20 Мб/с болуы қажет. Оқушылар саны 400-ден асатын мектептер үшін 20 оқушыға қосымша кемінде 1 Мб/с ұсынылады.

Осыған байланысты, Министрлік Халықаралық электробайланыс одағының ұсынымдары негізінде ҚР Оқу-ағарту министрлігіне және жергілікті атқарушы органдарға жергілікті және сымсыз желілерді құруға қойылатын техникалық талаптарды әзірлеп, жолдады (*Бірлескен бұйрық жобасы қоса ұсынылады*).

1 128 мектепте интернет желісіне қол жеткізу жылдамдығын аталған ұсынымдар деңгейіне дейін арттыру үшін техникалық мүмкіндік бар. Жергілікті атқарушы органдар аталған мектептер бойынша тиісті сатып алу шеңберінде интернет желісіне қол жеткізу үшін жылдамдығын арттыру бойынша бюджеттік өтінімдерді даярлап жолдауда.

Техникалық мүмкіндігі жоқ қалған 2 781 мектепте білім саласындағы ақпараттық жүйелерге қолжетімділік ADSL және радиоререлік байланыс технологиялармен қамтамасыз етілген. Алайда, Интернет жылдамдығы ұсынылатын жылдамдықтан төмен көрсеткіште.

Сондықтан, 2 781 мектепке дейін оптиканы салу Ұлттық жоба шеңберінде жүргізілетін болады. Мектептерді желіге қосу жөніндегі жыл сайынғы жоспарлар байланыс операторларының техникалық мүмкіндіктерінің пайда болуына қарай жүргізіледі.

Шалғайдағы мектептер үшін оптикалық желіні салу мүмкіндігі болмаған жағдайда, 458 мектепті спутниктік технологияларды қолдана отырып, интернет желісімен қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылатын болады. 458 мектепті спутниктік технологиялармен қамтамасыз ету мерзімі – 2023-2024 жылдар.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау алдындағы «Әділ Қазақстан барлығы және әрқайсысы үшін. Қазір және әрдайым» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» 81-тармағын іске асыру бойынша Жол картасы әзірленіп, оған сәйкес тиісті жұмыстар жүргізілуде (*қоса ұсынылады*).

Байланыс сапасы мен Интернет жылдамдығының мониторингін күшейту мәселесі бойынша

Министрлік сапасыз байланыс қызметтері үшін байланыс операторларына салынатын айыппұлдың көлемі артқаны жоғарыда атап өтілді, бұнымен қоса қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыстар жүргізуде және іс-шаралар жоспарлауда, атап айтқанда:

- елді мекендердің бас жоспарларына телекоммуникацияларды енгізу бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу;
- Қазақстан Республикасы аумағының радиомониторинг жүйесін жаңғырту;
- үлгілік жобалардың деректерінің банкіне антенналық тірек, ұялы және өзге де сымсыз байланыстың смарт-тіректеріне үлгілік жобалаудың-сметалық құжаттамаларын әзірлеу;
- санитариялық талаптарға рұқсат етілетін деңгей шегінің нормативін 100 мкВт/см² дейін арттыруға қатысты өзгерістер енгізу;

- елді мекенде талшықты-оптикалық байланыс желісі болған кезде 4G және 5G технологиялары үшін талшықты-оптикалық байланыс желісінің трансмиссиясын пайдалану бөлігінде заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- телекоммуникация желілерін салу кезінде қажетті құжаттарды жеделдетіп ресімдеу бөлігінде Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Аталған шаралар қалалар мен ауылдарды сапалы байланыс пен интернет қызметтерімен қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Сондай-ақ, тұрғындар тарапынан базалық станцияларды орнатудан бас тарту таратушы құрылғылар арасындағы физикалық қашықтықтың ұлғаюына байланысты сигналдың сапасын нашарлатады. Қолайлы балама таңдау, әсіресе тығыз қала құрылысы жағдайында қиындық тудырады.

Мәселен, Министрлік Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп байланыс сапасы төмен 67 мекенжай тізімін жасады және осы аймақтар бойынша антенналық тірек салу үшін жер учаскелерін бөлу мәселесі пысықталуда (орнату орындары бойынша координаттар қаланың Сәулет басқармасына жіберілді, талдаудан кейін таңдалған нүктелер бойынша телекоммуникациялық жабдықты орнату үшін қаланың Бас жоспарына енгізіледі) және телекоммуникациялық жабдықты орнату мүмкін болмаған жағдайларда рұқсат алу үшін байланыс операторларымен бірлесіп тұрғындармен кеңестер өткізілді.

Нәтижесінде, 67 мекенжайдың ішінен 28-і телекоммуникациялық құрылғыны орнатудан бас тартты (5 мекенжай бойынша мүлік иелерінің бірлесітігі жоқ, 16 тұрғын үй кешені радиофобияға байланысты, 7 тұрғын үй кешенінде байланыс сапасының төмендігіне шағымдары жоқ), 17 мекенжай бойынша жұмыстар VI Service-пен бірлесіп пысықталуда (телекоммуникациялық жабдық тұрғын үйлердің шатырына немесе аулада жарықтандыру тіректеріне орнатылады).

Министрлік бұл бағытта жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, тұрғындармен кездесулерді өткізу арқылы радиофобия бойынша түсіндірме жұмыстарын одан әрі жалғастыратын болады.

Елді мекендерді интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз ету мәселесі бойынша

Қазіргі уақытта Министрлік байланыс операторларымен бірлесіп 2023-2025 жылдарға арналған мобильді Интернет қызметтерінің сапасын жақсарту және қамтамасыз ету бойынша байланыс операторларының лицензиялық міндеттемелерін пысықтауда.

Сонымен қатар, Ұлттық жоба шеңберінде 2024-2027 жылдарға арналған оптикалық желі қызметтерімен 3 мыңнан астам ауылды қамту бойынша жұмыс жоспарлануда, бұл 1,2 млн. адамға жоғары жылдамдықты Интернетке қол жеткізуге мүмкіндік береді (*Жоспар жобасы қоса ұсынылады*).

Министрлік және жергілікті атқарушы органдар байланыс операторларымен бірлесіп, ауылдық елді мекендерде байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету және олардың сапасын арттыру жөніндегі Жол карталарын әзірлеуде.

Өз кезегінде, ауылдар әр үй шаруашылығына Интернет байланысын қамтамасыз етуде техникалық қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мәселені шешу үшін Министрлік Ұлттық жоба шеңберінде шағын немесе орта байланыс операторларына субсидияларды беруді ұсынады, олар ауылдық үй шаруашылықтары үшін интернет қызметтерін ұсына алады.

Бұл шара интернет-қызметтер нарығында бәсекелестіктің дамуын ынталандырады және ауылдағы үй шаруашылықтарын интернетпен қамтамасыз ету үшін кедергілерді азайтады.

Осы жобаның қорытындысы бойынша 200 мың үй шаруашылығында (2024 жылдан 2027 жылға дейін жыл сайын 50 мың үй шаруашылығында) 800 мыңнан астам адамды Интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз ету күтілуде.

Сонымен қатар, шағын және шалғай ауылдарды (250 тұрғыннан аз) интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін спутниктік байланыс жүйесін пайдалану жоспарлануда.

Жоспарға сәйкес, 2 жыл ішінде 62 мыңнан астам тұрғыны бар 504 ауылды байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету күтіледі (*Жоспар жобасы қоса ұсынылады*).

Ұлттық жобаны іске асыру ауылдық аумақтарды дамыту, ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсарту үшін стратегиялық маңызға ие және ауыл тұрғындарына қала тұрғындары қолданып жүрген мүмкіндіктер мен артықшылықтарды алуға мүмкіндік береді және оның шеңберінде елді мекендердегі байланыс сапасын арттыру жөніндегі іс-шаралар жалғастырылатын болады.

Ұлттық жоба 2023 жылғы 22 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысының күн тәртібіне енгізіліп, Мемлекет басшысының қолдауын тапқанын қосымша атап өтеміз.

Байланыс операторларының көп пәтерлі үйлердегі байланыс инфрақұрылымына қол жетімділігі мәселесі бойынша

Қазіргі уақытта байланыс операторлары көп пәтерлі тұрғын үйлерге Интернет қызметтерін көрсету барысында қиындықтарға тап болуда.

Негізгі мәселе – қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жабдықты орналастыру үшін байланыс операторлары пәтер иелерінің жалпы санының кем дегенде үштен екі (2/3) бөлігінің келісімін алуға міндетті, оны іс жүзінде жүзеге асыру қиынға соғады (*«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 Заңы*).

Нәтижесінде, операторлардың белгілі бір үйде байланыс қызметтерін ұсынуға мүмкіндігі болмайды және көбінесе басқарушы компаниямен келісе алған бір ғана оператор инфрақұрылымға қол жеткізе алады. Сәйкесінше, тұрғындар, өз кезегінде, шарттары оларға сәйкес келетін оператордың байланыс қызметтерін алу мүмкіндігінен айырылады.

Цифрлық экономиканы дамыту шеңберінде тұрғындарды байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету, телекоммуникациялық қызметтер көрсететін операторды еркін таңдау мүмкіндігін беру маңызды.

Осыған байланысты, Министрлік «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс, цифрландыру және саладан инвестициялық ахуалды арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы жобасы (бұдан әрі – Заң жобасы) шеңберінде Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі «Байланыс туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) байланыс желілерін дамыту бөлігінде тиісті толықтыруларды енгізу бойынша жұмыстар жүргізуде.

Заңға енгізілетін толықтырулар тұрғындарға өздеріне қолайлы операторды таңдауға мүмкіндік беріп, жаңадан салынған көп пәтерлі үйлерде байланыс қызметтерін ұсынатын белгілі бір операторлардың монополиясын жояды.

Қазіргі уақытта Заң жобасы ҚР Президент Әкімшілігімен пысықталуда және нәтижесі бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес ҚР Парламентіне жолданып, депутаттар тарапынан қарастырылатынын атап өтеміз.

Ел нарығындағы IT-компанияларда кем дегенде 150 мың жаңа жұмыс орнын ашу мәселесі бойынша

Жоғарыдағы көрсеткішке қол жеткізу мақсатында Министрлік инвестицияларды тарту, олардың өнімдерін шетелдік нарықтарға экспорттауды ынталандыру, визалық, салықтық преференциялар түрінде қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ отандық IT-шешімдер негізінде өндірістік және басқару процестерін цифрландыру кезінде заңды тұлғалардың шығындарын субсидиялау арқылы отандық IT-компанияларды қолдау бойынша жұмыстар жүргізуде.

«Astana Hub» халықаралық IT-стартаптар технопаркі» корпоративтік қорының (бұдан әрі – Астана Хаб) базасында инновациялық, бәсекеге қабілетті IT-өнімдер мен қызметтерді әзірлеу мақсатында отандық стартаптарды, компанияларды оқыту (инкубациялау, акселерациялау және т.б.) және қолдау бойынша жұмыстар қолға алынды.

Мысалы, әр түрлі сатыдағы «Techpreneurs» стартап-жобаларды дамыту, «Silkway Accelerator» акселерациялық бағдарламасы, «Scalerator» экспорттық акселераторы, Астана Хаб (*Seed Money*) және басқа да бағдарламалар (*Tech Orda, Startup School, Beta Career, no-code School, teenpreneurs, корпоративтік инновациялар, R&D орталықтары*) қатысушыларын қаржыландыру бағдарламасы және үздіксіз қолдау көрсету бағдарламасы іске асырылуда.

Министрлік 2022 жылы 10 қалада (*Семей, Қызылорда, Ақтау, Тараз, Талдықорған, Павлодар, Ақтөбе, Петропавл, Қостанай және Орал*) өңірлік технопарктердің ашылуына қолдау көрсету бойынша жұмыс жүргізді.

Сондай-ақ, IT-қоғамдастықтың отандық және шетелдік өкілдерінің қатысуымен түрлі форумдар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, кездесулер ұйымдастырылуда. Мысалы, жыл сайын «Digital Bridge», «Digital Almaty» цифрлық форумдары өткізіледі, онда цифрлық технологиялар, инновациялар және

бизнес саласындағы үздік отандық және әлемдік сарапшылар өз білімдері мен тәжірибелерімен бөліседі.

Сонымен қатар, елдің цифрлық экономикасы жоғары білікті IT-мамандарды даярлау жұмыстары жүргізілуде. Осылайша, 2022 жылы «Tech Orda» бағдарламасына сәйкес іріктеуден өткен 49 IT-мектеп 3068 грант алды (2021 жылы Астана хабтың өз қаражаты есебінен республика бойынша 13 IT-мектепке 100 грант берілді).

Жастардың білім алуы үшін өңірлерде инновациялық бағдарламалау мектептерін іске қосу бойынша жұмыс жүргізілуде. Мәселен, 2022 жылы 10 IT-мектеп ашылды, оның ішінде 3 халықаралық (2021 жылы 6 жекеменшік мектеп ашылды).

Министрліктің 2023-2029 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес ағымдағы жылға 20 мың жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – СЖЖРА ҰСБ) ақпаратына сәйкес 2022 жылдың қорытындысы бойынша 17 474 жұмыс орны құрылды. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында құрылған жаңа жұмыс орындары бойынша СЖЖРА ҰСБ сұрау жолданды.

Анықтама: Тапсырмаға сәйкес 2023 жылы – 25 000 жұмыс орны, 2024 жылы – 25 000 жұмыс орны, 2025 жылы – 35 000 жұмыс орны, 2026 жылы – 25 000 жұмыс орны, 2027 жылы – 20 000 жұмыс орны, 2028 жылы – 15 000 жұмыс орны, 2029 жылы – 10 000 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Инновациялық қызметтің көрсеткіштеріне қол жеткізу және жандандыру мақсатында Министрлік еліміздің өңірлерінде инновациялық кәсіпкерлікке мүдделі адамдар қауымдастығын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуде, қолдау құралдарын танымал етуге және іс-шаралар мен бағдарламаларды жариялауға бағытталған қажетті инфрақұрылым мен тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылуда. Мәселен, ағымдағы жылы 7 өңірлік IT-хабты ашу бойынша жергілікті атқарушы органдарға қолдау көрсету жоспарлануда.

Елді мекендерді байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету және оны бақылау жөніндегі ұсыныстар бойынша

Үкімет тарапынан арнайы комиссия құру ұсынысыңыз бойынша Министрлікпен арнайы Жобалық кеңсесі құрылды, ол Ұлттық жобаның іс-шараларын іске асыру, сапасыз интернет пен ұялы байланыс мәселерін шешу, елді мекендерді байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету, операторлар, жергілікті және реттеуші органдар арасындағы қарым қатынасты, жалпы байланыс қызметтері саласын одан әрі дамыту бағытталған және құрамына байланыс саласындағы сарапшылар кіреді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта Министрлікпен еліміздің әрбір елді мекенінің байланыс қызметтерімен қамтамасыз етілуінің ағымдағы жағдайы, байланыс сапасының көрсеткіштері және телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жоспарлар көрсетілетін «Цифрлық картаны» жаңғырту бойынша жұмыс

жүргізуде және ол бекітілуіне қарай Министрліктің ресми интернет-ресурстарында жарияланатынын қосымша хабарлаймыз.

**Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрінің
міндетін атқарушы**

М. Олжабеков

*Орынд.: Әсет Ибраев
Тел. 649512, 87073944514
E-mail: a.ibraev@mdai.gov.kz*



БҰЙРЫҚ

№

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

город Астана

2023 жылдың 30 маусымы № 163-і

Иссапарға жіберу туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына және 38-бабының 1-тармағына «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 және «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулыларына сәйкес, Халыққа қызмет көрсету орталығының бөлімшесін ашу мақсатында 2023 жылдың 30 маусымнан бастап 2 шілде аралығында Алматы қаласына іссапарға баруыма байланысты, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Иссапар кезеңінде Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндеттерін уақытша атқару 2023 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Малик Серикович Олжабековқа жүктелсін.

2. Күнтізбелік 3 күн көлемінде тәуліктік ақысы, күнтізбелік 2 күн көлемінде тұрғын жай жалдау және Астана қ. – Алматы қ. - Астана қ. бағыты бойынша эконом. класстың тарифімен әуе көлігі жолымен іссапар шығындары Министрліктің 161 ерекшелігінен өтелсін.

Министр



Б. Мусин